

ПОРТЛАНДЦЕМЕНТ, ФАРФОР, ХРУСТАЛЬ, ТЕХНИКАЛЫҚ КРИСТАЛЛДАР, ҚЫМБАТ ЖӘНЕ ЗЕРГЕРЛІК ТАСТАР...

«Цемент, керамика және шыны технологиялары» кафедрасы

2022 жылы талапкерлерді келесі беделді және өмірлік маңызы бар білім беру бағдарламаларына шақырады:

В060 – Химиялық инженерия және процесстер (814 грант 2021 ж.)

- **6В07190 – «Балқуы қиын бейметалл және силикатты материалдардың химиялық технологиясы»**
(бейіндік пәндер – химия және физика)
- **6В07101 – «Керамика, шыны мен тұтастырғыш заттар материалтануы және экспертизасы»**
(бейіндік пәндер – математика және физика)

В061 – Материалтану және технология (150 грант 2021 ж.)

ҚҰРМЕТТІ ТАЛАПКЕРЛЕР, «Цемент, керамика және шыны технологиялары» кафедрасы 1943 жылы құрылған және бүгінгі күнге дейін Қазақстан Республикасында цемент, керамика және шыны өндірістері технологтарын, сондай-ақ техникалық кристаллдар, бағалы және зергерлік тастар синтезі зертханаларының мамандарын дайындайтын жалғыз кафедра. Айта кету керек, мамандардың пікірінше, әлемде жақында пайда болған шын мәніндегі революциялық материалдар – биокерамика, биошыны және биоцемент біздің дәуірдегі ғылыми оқиға.

Біз білім берудің үш деңгейін – бакалавриат, магистратура және докторантураны қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүзеге асырамыз.

Кафедра бакалавриат түлектеріне Chemistry Eurobachelor Лейбл иемденуіне мүмкіндік беретін ASIIN (Германия), сондай-ақ European Chemical Thematic Network (ECTN), магистратура түлектеріне Chemistry Euromaster Лейбл иемденуіне мүмкіндік беретін халықаралық сарапшылар сертификаттарына ие болды.

Кафедрада «Силикат материалдарын заманауи әдістермен сынау зертханасы» және «Силикат индустриясын минералды-ресурстық шикізаттармен қамтамасыз ету, монокристаллдар және асыл тастар мен приоритет материалдарды синтездеу» мамандандырылған зертханалары жұмыс істейді.

Цемент – құрылыс наны болып саналады. Оны өндіру масштабы кез-келген мемлекеттің экономикалық потенциалын және құрылыстағы техникалық прогрессті сипаттайды. Цемент және оның негізіндегі бетон жақын болашақта құрылыс саласындағы негізгі конструкциялық материал болып қала береді. Ақ және түсті цементсіз, сәндік гипс өнімдерісіз және экструзиялық асбест-цемент өнімдерісіз заманауи дизайн жасау мүмкін емес. Мұнай мен газ өндірудің көлемінің елімізде жыл сайын ұлғаюына байланысты бұрғылау скважиналарына қажетті тампонажды цементтердің қосымша көлемі қажет болатыны анық. Ақ цемент пен гипс біздің пәтерлеріміз бен кеңселерімізге теңдесі жоқ сұлулық беретін заманауи әрлеу құрғақ қоспаларының негізі.

Керамика біздің өмірімізге ерте және берік кірген материал. Бұл, ең алдымен, фарфор және фаянс ыдыстары, майолика және әр түрлі сәндік-көркем туындылар, санитарлық-техникалық бұйымдар, плиткалар, жасанды кеуекті агрегаттар, керамогранит, қабырға керамикасы, черепица, терракота, қышқылға және отқа төзімді керамика, ферромагниттік керамика, керамикалық-металл материалдары, фарфор тістері, сүйек керамикалық импланттантары және басқалар. Мамандар пікірінше, ХХІ ғасыр керамика ғасыры болады деген болжам бар.

Шыны және шыны кристаллды материалдар – әйнек шынысы, шыны ыдысы, шыны мен хрусталдан жасалған көркем тұрмыстық бұйымдар, көбікті шыны, талшық шыны, сұйық шыны, ситалл және балқытып құйылған тас өте қажет силикат материалдары. Ситаллдар жоғары термомеханикалық қасиеттері мен химиялық төзімділігіне байланысты қазіргі заманғы техника мен технологиялардың арнайы салаларында қолданылады.

Кафедраның алыс және жақын шетел жоғары оқу орындарымен, Қазақстанның жоғары оқу орындары және ғылыми-зерттеу институттары мен ғылыми-педагогикалық байланыстары кең. Олардың қатарында Bauhaus-Universität Weimar (Германия, Веймар), Technische Universität München (Германия, Мюнхен), Technische Universität Chemnitz (Германия, Хемниц), University of chemistry and technology (Чехия, Прага), Institute of Chemical Technology (Чехия, Прага), Брно техникалық университеті (Чехия, Брно), university of Latvia (Латвия, Рига), Вильнюс техникалық университеті (Литва, Вильнюс), Краков техникалық университеті (Польша, Краков), Д. И. Менделеев атындағы Ресей химия-технологиялық университеті (Мәскеу), Томск ұлттық зерттеу политехникалық университеті, В.Г. Шухов атындағы Белгород мемлекеттік технологиялық университеті, Ташкент химия-технологиялық институты, Қ. И. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті (Алматы), М. Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті және басқалар.

Кафедра «Шымкентцемент» АҚ, «Стандартцемент» ЖШС, «Жамбыл Цемент» ЖШС, «SAS-TobeTechnologies» ЖШС, «Семей цемент зауыты» ЖШС, «Қазақцемент» ЖШС (Семей), «Central Asia Cement» ААҚ (Қарағанды), «Семипалатинский завод АЦИ» ЖШС, «Жамбылгипс» АҚ, «Қапшағай фарфор» АҚ, «ЗЕРДЕ-Керамика» ЖШС (Шымкент), «Алматинский завод керамики» ЖШС, «Казогнеупор» ЖШС (Рудный), «Сайрам кірпіш зауыты» ЖШС, «Құрылыс материалдары» ЖШС, «Бритекслайн» ЖШС, «Рауан» ЖШС, «Батсу» ЖШС, «Еврокристалл» ЖШС, «Saf» ААҚ Шыны компаниясы (Алматы), «Saf» ААҚ Шыны компаниясы (Тараз) және де басқа өндірістермен тығыз ғылыми-өндірістік байланыста.

Кафедраның негізгі ғылыми бағыты – Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасына енген силикатты материалдар технологияларының басым мәселелері. Ғылыми – зерттеу жұмыстарының барлық түрлері студенттердің, магистранттардың және докторанттардың тікелей қатысуымен орындалуда.

Біздің мақтаншымыз - біздің түлектер. Қазақстан кәсіпорындарында және ТМД елдерінде цемент, керамика және шыны өндіру бойынша біздің кафедраның түлектері жемісті еңбек етуде. Кафедра түлектерінің қатарында компаниялардың көптеген президенттері, зауыт директорлары, жетекші технолог-мамандар, жоғары оқу орындарындағы ғылым докторлары, кандидаттары мен профессорлар, доценттер. Кафедра тарихында әр жылдары біздің түлектер облыстардың және қалалардың әкімдері, ҚР ҰҒА академиктері, министрлер және Қазақстан Республикасы Мәжілісінің депутаттары болған және ол жалғасуда.

Болашақ талапкерлер, өздеріңізге ыңғайлы уақытта кафедраны көзбе-көз көріп танысуларыңызға болады, есігіміз ашық.

Мекен-жайымыз: 160012, қ. Шымкент, Тәуке хан даңғылы, 5. М. Әуезов атындағы ОҚУ, «А» корпусы
(г. Иляев көшесі, 8) «Цемент, керамика және шыны технологиялары» кафедрасы
Байланыс: 8 702 417 55 69 (проф. Таймасов Бахыт Таймасович),
8 701 447 13 38 (доц. Адырбаева Татьяна Амановна).

Мамандыққа шақырумен және сәттілік тілеумен
кафедра меңгерушісі,
ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты,
ғылым және технология саласындағы ISESCO
халықаралық сыйлығының және алтын медалінің лауреаты, проф. Есимов Б. О.



Фарфор ыдысы



Ситаллды өнімдер



Тас құймасы



Керамика ыдысы



Хрусталь люстры



Беттік кірпіш



Шыны ыдыс



Хрусталь



Шамотты отқа төзімділер



Керамикалық черепица



Керамогранит



Бирюза



Биокерамика



Керамика Риштан



Рубин